

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 29 қарашадағы № 635 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 6 желтоқсанда № 5151 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 19 қаңтардағы № 25 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Қарауылкелді ауылдық округі әкімінің 19.01.2018 № 25 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Байғанин аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторының 2016 жылғы 26 қазандағы ұсынысы негізінде, Қарауылкелді ауылдық округі әкімі

Ш Е Ш І М

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Ірі қара малдар арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Қарауылкелді ауылының "Бармақ батыр", "Барақ батыр", "Құрылысшылар" және "Қазақстан" көшелері аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарауылкелді ауылдық округінің әкімі:

Е.Калиев